

дайындау емес, қажет болған жағдайда өз мамандығын тез өзгерте алатын, жаңа әлеуметтік рөлдер мен функцияларды игеретін, бәсекеге қабілетті мобильді тұлғаны тәрбиелеу. Көптеген мәселелердің шешімі педагогикалық ұжымның кәсіби шеберлігіне байланысты. Қазақ мектебінің қуатты әлеуеті оның ұстаздық корпусы болуы керек. Мұғалім оқытуда, оқушыларды тәрбиелеуде және дамытуда ақпараттандыру мен ақпараттық технология құралдарын пайдалануға дайын болуы керек. Оқушылардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру үшін мұғалімнің өзінде осындай мәдениет болуы керек. Әрбір мұғалім тұлғаны қалыптастырудағы өзінің рөлін түсінуі керек. Мектеп жүйесіндегі гуманитарлық циклдің жетекші пәндерінің бірі – қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл мұғалімдерінің мақсаты – оқушыларды ана сөз әлемімен таныстыру, балаларға қазақ тілінің ғажайып тереңдігін таныту, оларды өмір бойы ғашық ету. Мұғалімнің міндеті – оқушыларға білім беру емес, білімді өз бетінше меңгеруіне жағдай жасау.

Мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеймін. Осы жұмыс жылдарында мен қазақ тілі пәнінің мұғалімі ретінде мен үшін қазақ тілі ана тілі емес, оқу сауаттылығы арқылы балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту басымдылық болып табылады деген қорытындыға келдім. көптілді қоғамда өмір сүріп жатқандығымыз, өз ойын сауатты жеткізе білу өте маңызды болып саналады. Әр оқушының айтылуын қадағалауға тырысамын

Мен өз жұмысымда түрлі-түсті анықтамалық схемаларды, рөлдік ойындарды, лексикалық және семантикалық кестелерді белсенді қолданамын. Оң нәтиже кестелерді құрастыруға оқушылардың қызығушылықпен қатысуы болып табылады. Мысалы, жауапкершілікті өз мойнына алу, шешім қабылдау, топта ізбасар және көшбасшы ретінде әрекет ету және жұмыс істеу, гипотеза қою, сынау, басқаларға көмектесу, үйрену және әлдеқайда көп. Қиындықтар көп, бірақ оларды жеңудің нақты жолдары қазірдің өзінде көрініп тұр. Мұндай сабақтардың сипаты түбегейлі өзгереді. Онда өзара сенім, өзара көмек, ынтымақтастық атмосферасы қалыптасып отыр. Мұндай ортада бала тыныш және сенімді, яғни ол өзін жайлы сезінеді. Сабақтар бұрынғыдан да әртүрлі, эмоционалды, белсенді және шығармашылық болады.

Ғылым мен техника дамыған сайын білімге қойылатын талаптар өседі, олардың шеңбері кеңейеді, жаңа сапалық белгілер қалыптасады. Демек, адамның функционалдық сауаттылығы оның микроқоғам жағдайына бейімделу қабілетінің көрсеткіші деп айта аламыз. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін тек сыныпта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да арнайы білім беру ортасын құру қажет. Жоғарыда айтылғандардан функционалдық сауаттылыққа оқытудың тиімділігі мұғалімнің қазіргі ғылымның барлық жетістіктерін пайдалануға дайындығына, жоғары мәдениетті тұлғаны қалыптастыратын машықтар мен дағдыларды дамытуға байланысты екендігі шығады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында функционалдық сауаттылықты дамытудың 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-шаралар жоспары.
2. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасы Педагогикалық білім сапасы: мәселелері мен даму болашағы.
3. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары 2004 ж. 18-19 мамыр – Алматы атындағы ҚазҰПУ. Абай, 2004 ж.

Блялова А.А., Асылбекова Ж.А.
«№66 мектеп-лицей» КММ, Қарағанды қ.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Біздің мақалада қозғайтын ойымыздың негізі де осы қорытындыларға бағытталған. Қазіргі таңда ұлттық құндылықпен ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастырсақ оқушылар бір сарынды бағытта емес креативті жаңа идеялармен өткеніміз бен бүгінімізді қоса отырып жан-жақты дамыған үйлесімді тұлға болып қалыптаспақ.

Кілт сөздер: функционалдық, функционалдық сауаттылық, ұлттық, құндылық

Еліміздің бүгіні мен ертеңі болашақ жас ұрпақта. Кемел елімізді дамыту үшін жастарымызды тәрбиелеп білім беру бірінші орында, елін сүйетін саналы ұрпақты қалыптастыру негізгі міндетт. Осы

айтылғандардың нәтижесін алу үшін бірінші кезекте болашақ ұрпағымыздың бойына ұлттық құндылықтар мен ұлттық тәрбиені сіңіру арқылы функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру керек, ол әрине бастауыш сынып қабырғасынан қаланады. Мұхтар Әуезов атамыздың «Ел боламын десек, бесігінді түзе» деген ойын негізге ала отырып, елдің болашағын жас ұрпақты тәрбиелеп солардың нәтижесінде мемлекетіміздің саналы да, серпімді жастарының елімізді биіктерден көрсетіп, ұлттың асқақ абыройымен мемлекетіміздің дамуынан көре алатын боламыз. Ертеңгі ұрпақтың тәрбиесін бүгіннен бастап қолға алып, жастарымызды ұлт жанды, патриот етіп тәрбиелеу, Ұлттық тәрбие мен құндылықтарды қолға алу біздің басты мақсат, міндеттеріміздің бірі болмақ. Біздің мақалада қозғайтын ойымыздың негізі де осы қорытындыларға бағытталған. Қазіргі таңда ұлттық құндылықпен ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастырсақ оқушылар бір сарынды бағытта емес креативті жаңа идеялармен өткеніміз бен бүгінгімізді қоса отырып жан-жақты дамыған үйлесімді тұлға болып қалыптаспақ.

Қазіргі дамыған заман ағымында озық қоғамға ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Себебі, еліміздің дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуы білімге, мәдениетке және ұлттық тәрбиеге байланысты. Тәрбиенің қуатына тең келетін рухани күш, қуат көзі жоқ екені көз алдымызда дәлелденіп келеді. Ұлттық тәрбиеден нәр алған адам – рухани құндылықтарды бойына сіңіріп биік белестерді бағындырары сөзсіз. Біздің мақсатымыз ұлттық тәрбие беру арқылы бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын дамыту. Осы мақсатқа сәйкес оқушылардың жан-жақты ойлауларын ұлттық тәрбиемен ұштастыру арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру. Тәрбие негізі баланың енді есін жиып жан-жағымен танысатын сәтінен бойына сіңіруімізден басталады. Баланы жаңа мен таныстырмас бұрын балаға тәрбиемен нәрлендірер болсақ, болашақ ұрпақтарымыз санасы биік ұлтын сүйер, елін сүйетін патриот, білімге құштар саналы азамат пен азаматшаларымыз өсіп шықпақ. Осының барлығы бала бойында орын алу үшін бастауыш сыныптан үйреткеніміз абзал, баланың отбасында үйренері көп, ал мектеп қабырғасында үйренері одан да көп.

Қазіргі заман талабына сай балаға бірнәрсені үйретпес бұрын оған баланы тарта білу керек, сол үшін оқушыны жан-жақты дамыған тұлға етіп қалыптастыру барысында ұлттық тәрбие мен құндылықтарды бала санасы мен бойына сіңіріп функционалдық сауаттылықтарын дамытатын дүниелер жасауымыз керек. Оқушы ұлттық құндылықпен ұлттық тәрбиені бойына сіңіре отырып функционалдық сауаттылықтарын сол арқылы көрсете алатын, екі жақты сабақтастықпен жұмыс істей алуы маңызды. Шығармашыл жастар әлемнің негізгі күші болып табылмақ себебі, кез-келген жағдайда креативті ойлайтын жан-жақты жұмыс істей алаты әр ортада бірден араласып өз біліктілігін көрсетіп ұлт жанашыры болатын ұрпақтар қажет. Осының барлығын бала кезінен қолға алуымыз негізгі шарт.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген екен Жүсіпбек Аймауытов. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз. Осы орайда ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіріп функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру керек. Жоғарыда айтылған ойларды негізге алатын болсақ бұл бастауыш сыныптан басталары сөзсіз. Әр әрекетті ең басынан бастайтыны анық, сол себепті бастауыш сыныптан ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықты қалыптастырамыз.

Мектеп - үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Оқушының бойына білім нәрін дарытуға көмек беретін функционалдық сауаттылық мұғалім бойында да болуы тиіс. Барлық елде балаға білім беру ерекше орын алып келеді. Балалардың ойлау қабілетін дамытуға, байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуге оқушыларды тәрбиелеу мұғалімдердің басты борышы. Мұғалім сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып өтуінде, пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және сауаттылығына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру негізінде жүзеге асады.

Тек білім ғана бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыра алады. Сондықтан да мұғалім сапалы білім, салиқалы ой - өрісі кең тұлғаны қалыптастыру үшін 45 минуттық сабағын қазіргі заманғы білім берудің жаңа технологияларын қолдана отырып өту керек. Осы жерде орыс педагогы А.С.Макаренконның «45 жыл мұғалім болса да 45 минуттық сабағына дайындалып келу керек» деген нақыл сөзін еске алуға болады. Мұғалім оқушыны тек қана мектептің бағдарламасымен шектеліп қалдырмай, теориялық білімдерін практикалық жұмыстармен, өмірмен байланыстыра білуге үйрету керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді. Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті - мұғалім баланы

оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Осыған орай оқушылардың алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даналықты білдіретін құзыреттерді қалыптасытыру орта мектептердегі жаратылыстану бағытындағы пәндер басым бағыттарының бірі болып табылады. Ой - өрісі кең тұлғаны қалыптастыруда жаратылыстану пәндерінің орны ерекше. Жаратылыстану ғылымдарының ішінде, өзгелерінен гөрі, тезірек дамып, күнделікті өмірде кеңінен қолданыс тапқаны физика. Сондықтан да болар, бүгінгі таңдағы роль атқаратын жетекші ғылымдардың біріне айналып отыр. Жыл сайын көптеген жанашылдардың беті ашылуда. Физика ғылымының ілгерілеген алғы шебін былай қойғанда, тіпті оның күнбе - күнгі тұрмыста жан-жақты орын тебе бастаған салаларын функционалдық сауаттылығы бар оқушылар еркін бойлап алуы керек [1].

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз- адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету, қалыптастыру, меңгерту. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады.

Функционалдық сауаттылық – оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы ең алдымен үйден, отбасынан басталады. Өйткені, ата-аналардың балаларды оқытуы және тәрбиелеуі ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың негізгі тетіктерінің (механизмдерінің) бірі болып көрсетілген.

Отбасында әрбір грамды, ватты, минутты есептей алмайтын және де есептегісі келмейтін баланың үй шаруасына да қыры болмайды. Баланың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыруға, жағымсыз мінез-құлық әдеттерден арылтуға көмек беретін функционалдық сауаттылық ата-ана бойында да болуға тиіс. Ата-аналар баланың ұғынуына көмектесулері керек. Үйде жарық пен тұрмыстық приборларды дер кезінде сөндіру, токтан ажырату қажеттігін, есік алдағы су құбырының краны арқылы тамшыдан өзен құралып қайта ағып кетіп жатқанын бала білуге тиіс. Еңбектің бағасын білген бала оның нәтижесін де жақсы бағалай біледі. Осының бәрінде аса терең ата-ананың функционалдық сауаттылығы тұр. Қоғамдық ортада, отбасында басталатын ұлттық құндылықтар арқылы функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру қазіргі білімнің негізгі қызметтерінің бірі.

Олай болса шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз керек. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда оқытудың 7 модулін қолдану, сабақ жоспарлауда Блумның ойлау дағдыларын –білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау және сөйлеу әрекеттерінің түрлері- оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалымды қолданып, бағалау критерилерін айқындаудың маңызы зор. Оқу процесінде қолданылған интербелсенді әдістерді қолдану кезіндегі оқушының іс-әрекеті критериялды бағаланып, рефлексия жүргізілсе онда біздің де алдымызда отырған оқушының да жұмысы, даму деңгейі бірден көрінеді және олардың функционалды сауатты болып дамитындығы сөзсіз. Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, тандап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу.

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

- бірлескен жұмыс;

- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту[2].

Жарқын болашақ кепілі болашақ жастарымызды ұлтжанды, білімді шығармашыл етіп тәрбиелеу бастауыш сынып мұғалімдері алдындағы үлкен міндеттердің бірі, және сол үшін қойылатын талаптар мен негізгі шарттарды да ашып көрсетуге болады. Оқушыны тәрбиелеуде мұғалім ғана емес ата-анада негізгі рөлді атқарады.

Ұлтжанды, жан-жақты дамыған шығармашыл оқушы тәрбиелеудің негізгі талаптары:

- шығармашылық қабілетті дамыту;
- қиял шығармашылықты дамыту;
- шығармашылықпен ойлауды дамыту;
- шығармашылық белсенділікті дамыту.

Заманның талабы, уақыттың ағысына қарай кемел елдің болашақ жастарын тәрбиелеудегі ұлттық тәрбие мен құндылықтар олардың алатын білімдерімен бірге жүруі қажет, қоғамды түзейміз егер болашақ жастарымыздың санасына ұлттық тәрбиені бере отырып функционалдық сауаттылықтарын арттырар болсақ. Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті. Білім негізі бастауышта қаланатын болғандықтан, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы да сол кезден басталады. Кез келген дамыған өндіріс қазіргі таңда функционалдық сауаттылығы жоғары мамандармен жұмыс жасауды қажет етеді. Функционалдық сауаттылықтары қалыптасқан адамның негізгі іс-әрекеті ақыл ойға, әрі алған білімді басқа іс-әрекетте тасымалдай алуға негіздейді.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық – оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы[3].

Қорытындылар болсақ бастауыш сыныпта ұлттық тәрбие беру арқылы функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру қазіргі таңдағы қоғамға қажетті бір сапаның бірі болмақ. Оқушының елдің кешегі күні мен бүгінін және ертеңін қоса ала жүріп кез-келген мәселеде шығармашылық тұрғыдан жан-жақты шешім қабылдай алатын тұлға қалыптасса елдің болашағының жарқын болары сөзсіз. Болшағымызды бірге жаңғыртамыз, «Ел боламын десең, бесігіңді түзе»-деп Мұхтар Әуезов атамыз айтқанда бала болашағын ел болашағын бүгінгі бүлдіршіннен бастауымыз шарт.

Әдебиеттер:

1. <https://bilimdiler.kz/> Роза Нысанқызы /Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - басты міндет/ 2015ж.
2. <https://bkokdi.kz/> Жанғалиева Шынарғұл Измұханбетовна /Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру/2018ж.
3. <https://compedu.ru/> Бейсенбаева Нұржаанат Есенқызы « Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту заман талабы» 2017ж.

Букпина А.Я.

КГУ «ШГ №95» г. Караганда

Асанова А.А.

КГУ «ОШ имени Г.Мустафина» г. Караганда

РОЛЬ ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНОЙ ГРАМОТНОСТИ В ФОРМИРОВАНИИ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Аннотация. В статье обоснована роль естественнонаучной грамотности в формировании функциональной грамотности обучающихся, описаны особенности формирования естественнонаучной грамотности.

Ключевые слова: функциональная грамотность, компетенции учителя, естественнонаучная грамотность

В Концепции развития образования Республики Казахстан на 2022-2026 годы перед системой школьного образования поставлена цель формирования интеллектуального, физически и духовно развитого гражданина, удовлетворение его потребности в получении образования, обеспечивающего